

Тәуелсіздікке 15 жыл

Жастық шақта көңілдің көк дөнәні әр қиырға алып қашатыны болады. Мен де қиялшыл едім. Ұмытпасам 1957-1959 жылдары болуы керек, мен 9-10 сыныпта оқитынмын. Бір күні аудандық «Ильич туы» газетіне әскер қатарындағы жауынгер жерлесіміз Зейнолла Игілікұлының ата-анасының атына әскери бөлімнен келген алғыс хат жарияланды. Алғыс хатта Зейнолланың әскери борышын абыроймен атқарып жүрген жауынгер екені төптіштей айтылып, осындай азаматты тәрбиелеп өсірген еліне, ата-анасына алғыс айтылған. «Мен де осындай азамат болсам!» деген арман мені сол кезде-ақ иектеп алған еді.

Зейнолла ағаны өзіме үлгі-өнеге тұттым. Соның арқасында өзім де үш жылдық әскери борышымды абыроймен атқарып, гвардия жауынгері болып елге оралдым. Зейнолла ағамыз елге әскерден кіші офицер атағын алып келіп, бізге ақ жол тілеп шығарып салды.

1962 жылдың желтоқсан айында әскери борышымды өтеп, елге келдім. Аудан орталығы Ақтоғайға ауысып жатқан өліара кез екен. Ауыл көңілсіз. Алыпқашпа әңгіме көп. «Үкімет саясатына қарсы екен», «үкіметке қарсы ұйым құрыпты», «Зейнолланы ұстап әкетіпті» деген сөздер желдей еседі. Күн артынан күн, ай артынан ай озды. Жылжып жылдар ауысты. 1964 жылы Қарағанды қаласына оқуға түстім. Бізбен қатарлас филология факультетінде Зейнолланың Майра деген жиені оқитын. 1965 жылы оқу корпусымыз да, біз жататын №35-ші жатақхана да Бейбітшілік бульвары кешесінде болатын.

Бір топ студенттер оқу корпусының алдында тұрғанбыз. Менің көзім кеше бойлап келе жатқан адамға түсті. Жүдеу өнді, жұпыны



киімді әлгі кісі тақала келе көзіме оттай басылды. Зейнолла ағамыз! Басқыштан екі-ақ аттап қасына жетіп бардым. Амандасып жөн сұрастық. Сөйтсем, айдаудан босап шыққан беті екен. Зекеңді бөлмеге апарып орналастырып, өзім ауыл жастарына хабар беруге кеттім.

Қарағанды қаласындағы үш бірдей жоғарғы оқу орнының-медициналық, педагогикалық және лолитехникалық институтында оқитын ауылдастаныс жігіттерге Зекеңнің келгендігі жайлы хабар беріп, кездесу кешін өткізетін үй іздедік. Киров ауданындағы шахтаның түбінен, милиция бөлімшесі орналасқан тұстан үй де таптық. Топырламай, топталмай жиналып Зекеңнің көңілін ауладық. Далаға келгендей болмасын дедік.

Жатақханада оңаша отырғанда Зекеңе

«мына киімдеріңізді тастаңыз»-деп, өзіме үлкендеу киімдерім бар еді, соларды кигізіп, екі-үш күн жанында жүріп, барам деген жерлеріне бірге барып, серік болдым. Зекең елге қайтқаннан кейін КГБ мені де біраз сүйреп, әйтеуір құтылдым-ау.

Зейнолла ағамен кейін де көп жылдар бір салада қоян-қолтық еңбек еттік қой. Бірақ, маған сол бір студент кезімде Зекеңді алғаш жолықтырып, аз күн дәмдес болған, інісі ретінде азды-көпті қызмет көрсеткен сол күндер ерекше ыстық көрінеді де тұрады.

Елеу РАШИТҰЛЫ,
мұғапим.